



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

4 қауақ 2021 ж.
Атырау қаласы

№ 483
город Атырау

**Денсаулық сақтау басқармасына
қарасты шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорынның «№5 Атырау қалалық
емханасы» байқау кеңесінің құрамын
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы №125 «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төменде көрсетілген құрамда Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№5 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің құрамы төменгідей бекітілсін:

1) Мұстаев Нұрлыбек Ермекұлы – Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі ретінде;

2) Ундасынов Батырбек Саламатович – №5 Атырау қаласы емханасының директоры;

3) Даулетияров Рауан Рахымғалиевич;

4) Калиева Светлана Катимовна;

5) Наренова Камшат Сериковна;

6) Уразбаева Алтынзер Калжановна;

7) Ищанова Райхан Айсиевна.

3. Басқарманың адами ресурстарды басқару және медициналық ұйымдардың кадрлық ресурстарын мониторингілеу бөлімі:

өз өкілеттіктері шеңберінде және қолданыстағы заңнамалық және заңнамаға тәуелді актілер негізінде осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№5 Атырау қалалық емхана» ШЖҚ КМК-ның директоры Б.Ундасыновқа:

өз өкілеттіктері шеңберінде және қолданыстағы заңнамалық және заңнамаға тәуелді актілер негізінде осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Өзіме қалдырамын.

Негіздеме: 1) 2021 жылғы 17 қыркүйектегі №1 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына үміткерлерді конкурстық іріктеу комиссиясының Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына үміткерлердің құжаттарын қарау» хаттамасы;

2) 2021 жылғы 27 қыркүйектегі №2 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына үміткерлерді конкурстық іріктеу комиссиясының Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеп алу туралы Байқау Кеңесінің қорытынды мәжілісінің» хаттамасы.

Басқарма басшысы

А.Байдурвалиев

Заңгер:



Бұйрықпен таныстырылсын: